

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде әскери кафедра құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 26 тамыздағы N 802. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жүйесі үшін Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті студенттері - Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылы Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу орнының шығыстары мен штат санының шегінде әскери к а ф е д р а қ ұ р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп:

- 1) әскери кафедраның құрылымы мен штат санын әзірлесін және бекітсін;
- 2) әскери кафедраны командалық-оқытушылық құраммен және оқыту-қосалқы қызметкерлермен жасақтасын;
- 3) әскери даярлықтың бейінін ескере отырып оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындасын және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі оқу процесін жүргізу үшін әскери кафедраны әскери даярлықтың бейіні мен оқу жоспарларына сәйкес әскери мүлікпен қамтамасыз етсін.

4. "Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ережелерді және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 40, 439-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау т у р а л ы е р е ж е д е :

7-тармақтың үшінші азатжолы мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің әскери
кафедрасынан басқасы";

17-тармақ мынадай азатжолмен толықтырылсын:

"Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің әскери
кафедрасында қызмет өткеретін офицерлер мен прапорщиктер заттық мүлікпен,
арнайы техникалық керек-жарақпен, тұрғын үймен, санаторийлік-курорттық
емдеумен, сондай-ақ жоғарыда аталған университеттің есебінен әскери қызметте
тұратын офицерлер мен прапорщиктер және олардың отбасы мүшелері үшін
қолданылып жүрген нормалар бойынша натуральды үлестің басқа да түрлерімен
қамтамасыз етіледі";

Көрсетілген қаулымен бекітілген Запастағы офицерлердің бағдарламасы
бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленетін жоғары
оқу орындарының тізбесіне:

"Университеттер" деген тарау мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті".

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі